

27. Букетов Е. Фундаментальные труды академика Е.А. Букетова. – Караганда: Болашак баспа, 1999. – 239 с.
28. Букетов Е. Сокровенное. – Алматы: Казахстан, 2000. – 432 с.
29. Букетов Е. Святое дело Чокана // Пути в незнаное: Писатели рассказывают о науке. – М.: Сов. писатель, 1985. – Сб. 18. – С. 319–360.
30. ГАКО. Ф. 1484. Оп. 1. Д. 73. Л. 4.
31. ГАКО. Ф. 1484. Оп. 1. Д. 125. Л. 5.
32. ГАКО. Ф. 1484. Оп. 1. Д. 126. Л. 2.
33. ГАКО. Ф. 1484. Оп. 1. Д. 230. Л. 3.
34. ГАКО. Ф. 1484. Оп. 1. Д. 73. Л. 5.
35. Букетов Е. Жас Каныш. – Алматы: Казахстан, 1999. – 190 с.
36. Букетов Е. Святое дело Чокана. Об академике Сатпаеве. – Караганда: Полиграфия, 1994. – С. 118.
37. Никитин С. Сары-Арка – Золотая планета. – А-А: Жазушы, 1976. – С. 125.

## ТҰҒЫРЫ БИІК ТҰЛҒА

Абдрахманов О. А., КСРО ЖАК доценті,  
 Жоғарғы оқу орнының «Оқу үздігі және құрметті қызметкері»  
 ҚарМУ-дың еңбек сіңірген қызметкері  
 Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
 Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Евней Арыстанұлы Бөкетов білікті де, білімді тұлға, техникалық ғылымдарының докторы Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақ ғылымының аз ғұмырының өзінде елеулі үлес қосқан, жас ұрпақты білім нәрімен сусындандырған. Әр адамның азды-көпті жетістіктерін жұртқа жариялап, мадақтап, марапаттап отыратындығы - негізгі кредосының бірі болатын.

Евней Арыстанұлы аз ғұмырын отандық ғылымның дамуына, үлкен жетістіктеріне жетуіне арнаған ірі тұлға еді. Жасағанынан жасары мол, Сарыарқаның кең даласындай болатын жоспарын өкінішке орай іске асыра алмай, асыртпай дүниеден ерте кетуіне әрқилы жағдай да себеп болды. Евекең – білгір, көкірегінде нұр, жүрегінде әр уақытта жақсылық ұялаған, қарапайымдылығы мол, шындықты жоғары ұстаған, жеке өмірде, өзара қарым-қатынаста жарқын, кішіпейіл болатын.

Мен 1954 жылы Әл-Фараби университетін (бұрынғы М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік Университетін) бітіргеннен кейін, алғашқыда №32 қазақ орта мектебінде, бір жылдан кейін жаңа қаладағы №2 мектеп-интернатта химия, биология, психология, логика пәндерінен сабақ бере жүріп, Қарағанды педагогикалық институтының жаратылыстану факультетінің ботаника кафедрасы бойынша қазақ бөлімдерінде қосымша сабақ та беріп жүрдім. 1958 жылы институт директоры С. Баймурзин облыстық оқу бөлімінің бастығына өтініш білдіріп, екінші мектептен сұратып алды. Міне, содан бері институт пен қаланың өркендей өсу тарихы көз алдымызда өтіп жатыр. Осы жылдары халық ағарту жұмыстарының жарық жұлдыздары С. Баймурзин, Е. Бөкетов, З. Молдахметов, Ж. Ақылбаев сияқты ректорлармен бірге Орталық Қазақстан университетінің көркеюі, оның болашағы үшін біре жұмыс істегеніме тағдырға өзімнің ризашылығымды білдіремін. Бұл ректорлардың аты білім мен ғылымның жоғарғы оқу орындарының қалыптасып дамуымен тікелей байланысты.

1958 жылы ашылған химия-металлургия институтының директорлігіне 1960 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының тұңғыш президенті, ғұлама ғалым Қ. Сәтбаев 35 жастағы ғылым кандидаты Е. Бөкетовты тағайындады. Бұдан Қаныш Имантайұлының Евекеңнің аса зеректігін, ұйымдастыру қабілеттілігін бағалай біліп, болашақта ірі ғалым болатындығын аңғарғандығын байқаймыз.

Химия-металлургия институтының және университеттің жеткіншек ғалымдарының жаңа легінің көрінуінде – алдымен өзіне, содан кейін өзгелерге қатаң талап қоюдың нәтижесінде аз уақыттың ішінде ғалымдардың ғылыми жұмыстарын жылдам қорғап кетулеріне себеп болды.

1960 жылдары Химия-металлургия институтының көпшілік зертханалары әр жерде шашыраңқы, Ленинуголь деп аталатын қаланың шет жағындағы ескі бір қабатты баракта бейімсіз болатын. Институтты ұйымдастыру жолындағы қыруар іс-шаралармен қатар, жас, болашақ мамандарды дайындай отырып өзі 1966 жылы Мәскеуде техника ғылымының докторы деген дәрежені қорғап шықты. Ол уақытта техника ғылымдарының докторы дәрежесін қорғау үшін қыруар тәжірибелер жасау және оны өндіріске енгізу мәселелері сияқты күшті талаптар қойылатын. Институттың бүкіл

шаруашылығын ұйымдастыру, ғылыми жұмыстарын өрге бастыра, жеделдете, жетілдіре жүрудің нәтижесінде, металлургия саласында ашқан жаңалықтары үшін Евекең КСРО мемлекеттік сыйлығына ие болып, өзінің кеменгер ұлы ғалымдар қатарына жататындығын ғылым әлемінде танытты.

Қарағанды педагогикалық институтының негізін қалап 20 жылдан артық жемісті жұмыс істеп кеткен, болашақ университеттің құрылуына көп еңбек сіңіріп, өркендеуіне ат салысқан С. Баймурзин болатын. Ал, осы институттың негізінде құрылған университеттің алғашқы ректоры болып Евней Арыстанұлы тағайындалған күннен бастап ҚарМУ-дың дәрежесі мен беделі жоғарлап, жаңа дәуірі басталды.

Евекең бірініші күннен бастап ұжымды ұйымдастыру, қажетті мамандарды іздестіріп тарту, материалдық базаны нығайту, болашағы бар, осыдан бірдеңе шығады-ау деген жастарды ғылыми жұмысқа қарай бейімдеп тәрбиелеуді университеттің бас жоспарына айналдырды. Сонымен қатар, университет құрылысының болашақ жоспарын жасатып, оны іске асыру мақсатында істеген істері ұлан-ғайыр. Осы уақыттан бастап болашағы бар жастарды лек-легімен стажировкаға, одан аспирантураға жібере бастады. Тіпті жасы келген, алпыстан асқан, бірақ жинаған материалдары бар мамандарды шақырып, әрқайсысымен жеке-жеке әңгімелесіп талаптар қойып, жағдайлар жасап отырды. Солардың бірі - биолог-энтолог Н.Г.Скопин еді. Николай Григорьевичті шақырып алып, біраз сұхбаттасып, жинаған материалдарының докторлық көлемін бірден байқаған соң, 6 ай уақыт беріп: «Осы уақытта қорғап шығуыңыз керек», - деген талап қойды. Н.Г.Скопин Евекеңнің бұл талабын абыроймен орындап, Ленинградта докторлық диссертациясын қорғап, 2 айға жетпей бекіту қағазын алған еді.

Евекеңнің адамгершілігі мен кісілігі мол, жоғары лауазымды адам болатын. Қазіргі уақыттағы аға буынды ғалымдардың көбісінің Евекең басқарған уақытында стажировкада, аспирантурада болып, ғылыми атақтарға ие болғандары белгілі.

Кейіннен Николай Григорьевич «ақ қан» ауруымен ауырып жатқанда Евекең екеуіміз көңілін сұрауға бардық. Әңгіме үстінде Николай Григорьевичтің көңілі босап, көзіне жас келгенде, Евекең: «Сіз өзіңіз жақсы білесіз, табиғаттың заңына қарсы тұру қиын ғой», - деді, «Бізде мың жасаған Ұлықпан Кәкім деген болған, ол да өлімнен қашып құтылған емес, бәріміздің де баратынымыз сол бір жер, біреуге ерте, біреуге кеш», - деп, жұбатып қойды. Скопин риза болып, Евекең: «Менің сізден бір тілегім бар. Менімен бірге отырып былтырдан қалған вареньемен шай ішіңіз», - деп өтінгенде, біраз отырып шәй ішкеніміз бар еді. Шынымды айтсам, мен болсам жиіркеніп әзер отырдым, ал Евекең болса жайғасып отырып, шайын ішіп, варенесін жеп, әңгімесін айтып біраз уақыт отырды. Ал бұл әркімнің қолынан келе бермейтін, тек Евекең сияқты үлкен жүрегі бар адамның ғана қолынан келетін жай. Қазір сол жағдай. Скопинның атында дәріс оқылатын үлкен дәрісхана бар.

Екінші бір жағдай: Алматыдағы В. Вильямс атындағы қазақ егіншілік ғылыми зерттеу институтының аспирантурасын бітіріп, жас маман Т.Шаушеков жұмыс іздеп Евней Арыстанұлының қабылдауында болады. Құжаттарын қарап: «Бір жылдың ішінде қорғайсың!», - деп міндет қойып, кадр бөліміне: «Мына жігітті саябаққа инженер етіп алыңдар», - деп тапсырма берген. «Бір жылда қорғап шықсаң, ботаника кафедрасына мұғалім етіп аламыз, қорғамасаң шығарып жібереміз, өндіріске барасың, келісіміміз осындай», - деген. Бүгінгі күні Т. Шаушеков декан қызметін атқарды және ботаника кафедрасын басқарды.

Евекеңмен алғаш рет үш мың жылқы айдаған Оразбайдың баласы Медеу ауылының қызы Мәлиза апайдың үйінде таныстық. Екі тізесінде екі қызы отырған, еңгезердей жарқын жүзді, кісіні өзіне қарай тартып тұратын кішіпейіл адам екен. Біздерді Евекеңмен Мәлиза апай таныстырып жатыр. Ал біздер болсақ Евекеңді көрмесек те сырттай естуіміз бар, оның үстіне жолдасым Қапияштың ағасы Бекенмен жолдас, пікірлес болатын. Евекең балаларды, әсіресе екі қызын өте жақсы көретін. Екі қызын біресе иығына, біресе екі тізесіне алып отырғызатын, олар болса жас балалар болып ананы-мынаны алып бер деп әкесінің мазасын алмайтын. Евекеңнің алып бергенін ғана тыныш жеп отыратын. Олар бала болса да әкесінің соншалықты ілтипатын сезінетін сияқты.

Евекеңмен байланысымыз университетке ректор болып келгенде тіпті жақындаса түсті. Оның үстіне университеттің кәсіподақ ұйымының бастығы етіп сайланғаннан кейін көп мәселелерді шешуде жиі кездесіп, пікір алысып жүрдік. Әуел баста Евней Арыстанұлының мені кәсіподақ ұйымының бастығы етіп сайлағысы келетінін жеткізгенде, Құрекене (Құрман Қасымжанович Ермағанбетов - сырттай оқу бөлімінің проректоры): «Бастық болу үшін шешен, орысшаға жетік болу керек қой», - деп бас тарттым. Евекең шақырып алып: «Университеттің үш құлағының бірін ұста десем болғысы келмейтін мұндай адамды көріппе едіңіз?», - деп (Құрекене қарап): «Қазір

ұйымының бастығы етіп сайлағысы келетінін жеткізгенде, Күрекене (Құрман Қасымжанович Ермағанбетов - сырттай оқу бөлімінің проректоры): «Бастық болу үшін шешен, орысшаға жетік болу керек қой», - деп бас тарттым. Евекең шақырып алып: «Университеттің үш құлағының бірін ұста десем болғысы келмейтін мұндай адамды көріппе едіңіз?», - деп (Күрекене қарап): «Қазір үйренбегенде осындай жұмысты қашан атқарамақсыз, барыңыз, боласыз», - деп шығарып салды. Сөйтіп үш жылдай кәсіподақ ұйымын, одан соң дайындық бөлімін, биология факультетін басқардым.

Адамның ой-өрісін, сана-сезімін оятып, өмір арнасына үйрететін ұстаздар жайлы қаншама әндер, жырлар жазылды десеңізші! Солай бола тұрса да, Евекең сияқты ұстаздың орны бөлек, ерекше. Оған деген сый-сияпат, қадір-құрмет те бөлек. Жастары жер ортасынан асып, шаштарына ақ қырау түскен шәкірттері де Евекеңнің алдында бас иіп, тағзым жасап тұратын. Қанша есейіп кетсе де, өзін Евекеңнің шәкіртімін деп есептейтін. Осы сәтте есіңізге:

Ойыңа «Есейіп кетсем де, мен сізге шәкіртпін», - деген өлең шумақтары оралады. Бұл Евекеңе деген ыстық ықыласыңыз. Мұндай жаны жайдары, кеудесі алтын сандық ұстаздар сирек кездеседі.

Өмірдің арнасымен өрге шапқан Евекеңнің тәрбиесін алған шәкірттерінің көбі халықтың қалаулы, елдің елеулі, игі аттарына ие болған, шет мемлекеттерге де белгілі адамдар. Солардың бірі – ізбасары, ірі ғалым, Республика Ғылым Академиясының академигі, ғылымға еңбегі сіңген қайраткер, Орталық Қазақстандағы ғылым академиясының бастығы, Қазақстан-Ресей гуманитарлық университетінің ректоры, Евекеңнің жоспарын жүзеге асыруда көп еңбек сіңірген - З. Молдахметов, көптеген жылдар бойы химия-металлургия институтының директорлық қызметін атқарған. Сондай-ақ, Қазақстан Ғылым академиясының мүше-корреспонденті Ж. Әбішев, химия факультетінің деканы болған М. Жамбеков, ғалымдар Г.Макаров, Н. Гафуров, В. Малышев, Б. Ермағанбетов, Б. Касенов сияқты және басқалар ғалымдар. Бұл шәкірттердің көбі қазіргі уақытта ғылым докторлары, академиктер.

Евекең тарихты да жетік білген. Бір кезде телефон шылдыр еткенде көтерсем, Евекең екен: «Ореке, маған кіріп кетші», - дегені. Тезірек басып кабинетіне кіргенде маған үш парақ фотосуретті ұсына беріп: «Менен гөрі сенде болғаны дұрыс шығар... Сенің нағашыңның суретін Жайық әкеп беріп еді», - деді. Қарасам, Алаштың арысы Әлихан Бөкейхановтың фотосуреті мен Думада қатысып, патшаның шешіміне қарсы қол қойғандардың үндеулері екен. Менің нағашым - Әлекең екенін қалай білген? Іштей: «Евекең шежірені де біледі екен ғой...», - деген ой келді. Мен еш уақытта Әлекең туралы әңгіме қозғаған емес едім.

Халқына қырыуар еңбек сіңірген, абыройлы, ақылды, сабырлы, асыл, қасиетті жанды жастардың да білгені жөн. Евекең қаламыздың көрнекті, зиялы өкілі болуымен бірге Республика ғылым мен мәдениетінің және жоғарғы білімінің дамуына үлкен үлес қосқан тұлға.

Евней Арыстанұлы мұғалімдер ұжымымен мен студенттердің тұрмыс жағдайын жақсарту мақсатында, өз жоспарын жүзеге асыруда айтарлықтай жұмыстар атқарды. Аз уақыттың ішінде 54, 76, 72 пәтерлік үш үй, 2148 орынды жатақхана, 330 орындық асхана, спорт, акті залдары, 100 орындық санаторий-профилакторий, алты дәріс залы бар гуманитарлық факультеттің ғимараттары іске қосылды.

Евекең студенттердің болашақта жан-жақты, білікті маман болып шығуы үшін барлық күш жігерін жұмсап, оларға әр уақытта қолдаулар жасап отыратын. Студенттердің көпшілік ұйымдарының жетекшілерін шақырып алып олармен оқу, ғылым жайында және жастардан бос уақыттарын қалай өткізетіндері туралы сұрап, қандай мәселелерге көңіл аудару, қандай жұмыстармен шұғылдану жөнінде студенттерге ақыл беріп тұратын. Студенттер Евекеңді қатты сыйлайтын, жақсы көретін.

Парткомның отырыстарынан қалмай, уақыт тауып, қатысып отыратын. Қаралған мәселелерге белсене қатысып өз пікірін ғана айтатын. Ректор ретінде еш мәселе жөнінде үзілді кесілді пікір айтпайтын. Университеттің қоғамдық органдарының пікірлерімен келісіп отыратын. Талапкерлерді оқуға қабылдау кезінде балдары тең болған жағдайда құжаттарын алдырып, комиссия мүшелерінің талқысына салатын. Мысалы, физика факультетіне үш талапкердің емтихан бағалары да, жанұя жағдайлары да бірдей болды, бірақ екеуі Қарағанды облысынан, біреуі Семейдің Абай ауданынан екен. Декан Қарағандының талапкерін ұсынған еді, ал Евекең біздерге қарап: «Мына, алыс Абай ауданынан келген талапкерді алсақ қайтеді?», - деген ұсынысы отырған комиссия мүшелерінің бәрінен қолдау тапты. Мұндай жағдайлар жиі болып тұратын. Қандай мәселе болмасын дұрыс, әділ шешуге тырысатын және көпшілік пікіріне құлақ салып, келісіп отыратын.

Ғылыми жұмыстардың тарихын жинақтаудағы Евекеңнің бойынан ерекше көрінетін қасиет еді. Мұндай құштарлық қасиет ғылымның негізін қалаушылар Д. Менделеев, Ш. Уалиханов, Қ. Сатпаев сияқты ірі тұлға ғалымдардың өмірлерін зерттеуге арнаған уақытында туған болу керек... Евекең Қ.

Сәтбаевтің балалық шағын жазып жүрген кезде: «Баланың табиғатқа деген көзқарасының қалыптасуына қандай болмасын заттар, табиғат ерекшелігі, онда өсетін өсімдіктер әсер етуі мүмкін бе?», – деген сұрақтарға жауап іздейтін. «Жүгіріп жүрген балаға қандай өсімдіктер әсер етуі мүмкін?», - деп сұраушы еді. «Вокруг света» журналының соңғы бетінде кейбір дәрілік, тамақтық, хош иісті және басқа көптеген қасиеттері бар жабайы өсетін біздің жақтарда кездесетін өсімдіктер туралы жиналған мақаласы бар папканы бергенім бар еді.

Екінші бір жағдай 1975 жылы ғылым академиясының сайлану жиналысына бара жатқанда: «Менделеев те Ресей ғылым академиясына мүше болмай кетті ғой, азар болса сайламас», - деген еді. Қаншама Менделеевтің периодтық жүйесін оқып жүрсек те, ұлы ғұлама ғалымның Ресей Ғылым академиясына мүше болмағандығын сонда ғана білдім. Абырой болғанда Евекең академик болып сайланды. Қандай толғамды ұстамдылық десенізіші!

1974 жылы 15 мамырда қаланың Оңтүстік-Шығысында университет кешенінің алғашқы іргетасын қалауға арналған митингі болды. Оған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы В. Акулинцев, облыстық атқару комитетінің төрағасы С. Досмағамбетов, қалалық атқару комитетінің төрағасы Н. Төлепов және қала, аудан басшылары, басқа да қонақтар қатысты. Митингіні қала бастығы Н. Төлепов ашып, сөзді Сұлтан Қаппарұлына берді. Сұлтекең университеттің болашағы, Орталық Қазақстанда ашылып отырған 2-ші университет екендігін, оған қандай партияның ерекше талаптар қойып бөліп отырғандығы жөнінде біраз пікірлер айтты.

Евекеңнің жанында тұрған қонақтардың бірі - ақын Ә. Тәжібаев қалжың-шыны аралас: «Евеке-ау, мына жерге ағаш былай тұрсын, шөп те өспейді ғой...», - деп еді.

Евекең бұл жерді таңдап алғанда негізгі үш күрделі жағдайды ескерген еді және сол туралы бас қосқанымызда айтып жүретін-ді. Евекеңнің ой-өрісі Сарыарқаның даласындай кең еді ғой.

Біріншіден, Шахтаның Шығыс жағындағы үйіндіні (отвал) болашақ стадионның бір қабырғасына пайдалану еді. Екіншіден, ректорлардың қай-қайсысы болмасын биология факультетіне ерекше көңіл бөлетін. Мысалы, С.Баймурзин жаратылыстану факультеті ашылысымен қаланың шетінен, бұрын қалдықтарды төгетін жерден қала басшылығы бөлген 4 га жерінен бірінші құдық қазуды Т. Әубәкіровка, оны қоршауға И. Кирилос пен Б. Мухачевке, ағаш отырғызуды Г. Стариковская мен П. И. Калякинаға және жетешілік етуді факультет деканы Р. Омароваға жүктеген еді. Қазіргі уақытта ол жер саябаққа айналып кетті.

Ал Евекең болса, болашақ саябаққа деп үйіндінің оңтүстік-батыс, солтүстік-батыс жақтарынан 126 га жерді қалалық кеңестен қаулы шығартып алған. «Евеке, мұншама жерді игере алмаймыз ғой...», - дегенде, қолымен сілтеп айтқаны: «Мына жаққа шаруашылық ұйымдастырасыңдар, ал мына жердің суын тереңдетіп кеңейтіп, балық өсіретін аквариумға айналдырасыңдар», - деген. «Бұл жер болашақ саябақтың ортасында қалу керек», - дейтін. Үшіншіден, «Федоров су қоймасының шығыс жағынан мұғалімдер демалатын және студенттердің дене шынықтыруы үшін жазғы жүзу бассейні болады», - дейтін.

Университет кешенінің құрылысын салуға қала Кеңесінің шешімі арқылы 65 га жерді Оңтүстік-Шығыс ауданнан бөліріп алды. Ол жерге 16 қабатты бас корпус, 3000-дай орынды жатақхана, студенттердің мәдениет сарайы, ғылыми лабораториялық орталық, гуманитарлық, физика, математика, биология факультеттерінің студенттеріне арналған асхана ғимараттарын салу жоспарланған еді. Нәтижесінде «Университетград» қалашығы дүниеге келді.

Евекең алғашқы ректор болған күннен бастап биология факультетінің ғимараты университет атына сай еместігін қала, облыс басшыларына айтып, көрсетіп пікір туғызып отырды. Мына сурет соның бір көрінісі.



Солдан оңға қарай: Е. А. Бөкетов, Облсовпроф. төрағасы Ж. Аубакиров, физика факультетінің деканы Т. Көкетаев, Кәсіподақ төрағасы О. Абдрахманов, проректор Ж.Ақылбаев, проректор Қ.Қ. Ермағанбетов

Евекең Сарыарқаның кең байтақ даласындай ой өрісі кең, аталы жүректі, абзал, парасатты, адамгершілік қасиеттері сыртқа теуіп тұратын ғалым, бір ғасырда бір-ақ келетін тұлға еді...

Евней Арыстанұлы алғашқы рет ректор болған Қарағанды Мемлекеттік Университетінің қабырғасынан шыққан, ол кісінің алдынан өткен, осы шаңырақтың ұстаздарынан өмірлік жолғы нәр – тәлім-тәрбие алған мамандар қазақтың кең байтақ жерінің, бұрынғы Одақтың, қай жерінен іздесеңіз де табасыз. Қазақстанның кең байтақ жерінен, алыс аудандардан білім аңсап келген қазақтың талай ұл-қыздары Қазақстанның екінші университетінен білім алып, ұлтымыздың мәдени зиялыларының қатарын толтыруда. Евекеңді көрген, тәрбиесін алған азаматтар барлық жерде бар және ол кісіні жақсы лебізбен еске алады.

Евней Арыстанұлы өте мейірімді, ішкі сезім байсалдылығы, байлығы күшті, қайырымды адам болатын.

Евекең адамның іскерлік қасиеттерін, кәсіби шеберлігін, шындылығын, жүктелген жұмыстың айтқан уақытта орындалуын бағалай білетін. Ал, айтылған жұмысқа қалай болса солай қараушылыққа, берілген тапсырманы уақытында орындамауға төзбейтін. Осындай қасиеттерге ие болған адамдарды жақсы көріп, дұрыс бағалайтын. Бірде Н. Төлеповты еске түсіріп: «Осы Нәрекеңнің жұмысқа қабілеттілігі, іскерлігі мен ақылы – бойына сай» - деп масаттанып айтатын. Қасындағыларды қал-қадірінше шынайы бағалай білуі - не деген тектілік мінез десеңізші!

Кейде жұмыс бабында байқамай бір нәрсені артық айтса, кейін сол адамнан кешірім сұрайтындығы көп адамда болмайтын қасиет деп білемін.

Евекеңнің ішкі сезімі күшті, оны алғашқы ойларынан тайдыру қиын, оған қысым көрсету мүмкін емес еді.

Университетті алғашқы ұйымдастыру кезеңінде кейбір жетекші ғалымдарымыз екі қызметтен атқарып жүрді, кейіннен университет жас мамандарға толыққанымен екі жұмыс атқарып жүргендер екінші жұмыстарын босата қоймай, орындарын жастарға бергісі келмеді. Бұл жөнінде Евекең Обком хатшысы телефон соғып, бұйырған дауыспен олардың - сыйлы, еңбегі сінген адамдар екендігін, екі жұмысынан да қозғамау керек деп көп уақыт қатты дауыспен сөйледі. Естіліп тұрғаннан кейін ыңғайсызданып шығып кетейін деп едім, отыра бер дегендей ым білдірген соң қалып қойдым. Жастарды тәрбиелеп өсіру жолында бұл бұйрық іске аспай қалды.

Тағы бір жағдай 1972 жылдың желтоқсан айында университет өмірінде, жалпы Қарағанды қаласы бойынша алғаш рет облыстық партия комитетінің ұсынысының өтпей қалуы болды. Обком университеттің Партком хатшылығына обкомның инструкторы Л. Миллерді ұсынған болатын. Парткомның құрамына Л. Миллерді енгіземіз деп есеп беру жиналысы сағат кешкі 5-тен түнгі 2-ге дейін созылды. Жиналысқа аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, қалалық және облыстық

партия өкілдері қатысты. Бірнеше рет жарыс сөзге шығып, дауысқа қанша салғанымен өткізбеді. Оның басты себебі, мұның алдында пед. институтқа жіберген обкомның кандидатурасы жұмысты атқара алмады, елдің бірлігіне нұқсан келтіріп, ұжымның берекесін кетірді. Евекең болса, ықпалдық жасамады, қауымның шешіміне қарсы тұрмады. Осы жағдайларға байланысты Обком хатшысы кек ұстаған болу керек, Евней Арыстанұлының 50 жылдық мерей тойына арналған университеттің ғылыми кеңесін үлкен залда өткізуге рұқсат бермеді. Халық өте көп жиналды. Одақтың түкпір-түкпірінен қонақтар келді. Біз, көпшілік қоғам өкілдері ректордың кабинетінде отырған жолдас Д.Әбдірахимоваға бірнеше рет барсақ та болмады, үлкен залда өткізуге рұқсат бермеді.

Жиналған ел тарамай қойғаннан кейін, Евекең өз атынан өтініш білдіргеннен кейін ғана тарады. Елден келгендерді үйлеріне жібердік. Үйдегі жиынды К. Салықов өлең жолдарымен ашып, тойды басқаруды Павлодар облыстық кеңесінің бастығына жүктеді.

Евней Арыстанұлы жан-жақты, эрудициялы білімді адам, көп оқып, көп тоқыған химик-металлург. 9 монографияның, 242-ден астам ғылыми мақалалардың, 100-дей авторлық куәліктердің иесі. Кейбір ашқан жаналықтарының патентін АҚШ, Япония, Германия, Англия сияқты ірі капиталистік мемлекеттер сатып алды.

Евекең табиғатынан дарынды жазушы-прозаик, ақын, сыншы, аудармашы. Үйге келгенде қасындағы адамдарға Есениннің, Пушкиннің, Лермонтовтың кітаптарын алып не олардың өлеңдерін жатқа айтып, «Бәлендей бетте, бәленше томда былай жазылған», - деп, кітаптың томын алып, бетін ашып таң қалдыратын. Соның ішінде есте қалғаны Лермонтовтың «Прости, мой друг... как призрак, я лечу» деген өлеңін рахаттанып жатқа айтатын. Ал, У. Шекспирдің «Гамлет» деген трагедиясына жазған қойылымын С. Сейфуллин атындағы театрда қойғанда, халықтың көрсеткен сый-құрметін айтып жеткізу қиын.

Евекеңнің айналасы толған ғалымдар, ақындар, жас таланттар болған. Олжас Сүлейменовті студенттермен кездестіруге бірнеше рет шақырып, өлеңін оқығанда аса ынтамен масаттанып тыңдап отыратын.

Евекеңді әр уақытта талантты, болашақтарынан үлкені үміт күттіретін: З. Молдахметов, Ғ. Құлқыбаев, Ж. Ақылбаев, Р. Клещева, Е. Смаилов, Т. Көкетаев, Т. Әбжанов, З. Жұмағалиев, М. Смағұлов, М. Имашев, К. Қаракесов, Т. Мұстафин, Қ. Нұрмұханов, Р. Елемесов, Ә. Телғарин, А. Тұрмұханбетов, Т. Балмағанбетов, Т. Қамзабаев, К. Айтхожин, В. Батулин, Е. Гафуров, Ш. Токсанбаева, М. Өмірқұлов, Т. Жамбеков, М. Алдабергенов, О. Құрманалиев, А. Казанцев, К. Баешев, Т. Әубәкіров, О. Жанайдаров және басқа жастардың ортасынан көруге болатын. Бұл аталғандардың барлығы қазір самайларына ақ кірген ғылым докторлары, кейбіреулері - академиктер, халық мүддесі үшін республика ғылымының өркендеуіне көп үлес қосқандар.

Евекеңнің іс-әрекетінің ең басты идеясының мәні - мейірбандық, адамгершілік, сенімділік болатын. Ол кісінің қабылдауында болған адамдар келген жұмысы орындалмаса да көңілді, риза болып шығатын.

Евекең жұмыстан босағаннан кейін сенбі күндері газ бен шаң араласып мұнарлатып тұратын қаладан кетуге тырысатын. Қарқаралыдағы далалық практиканы өткізетін лагерге біздерді, балаларымен кейде жолдастарын ертіп барып тұрушы еді. Ол жерді Евекеңнің тапсырысы бойынша Ермағанбетов К. таңдап алған. Лагердің тұрған жері аэропортқа, қала жолына жақын, өте қолайлы. Жан-жағынан қоршап жатқан төбелердің ойында орналасқан. Табиғаттың өзі әдейі біздің лагерь үшін жаратқандай ғажайып, ауасы таза, лагерьді екіге бөліп жататын сарқыраған бұлағы бар. Евекең ерте тұрып алып мәңгі жасыл қарағайдың ішімен жүріп, өзіне бір қолайлы тыныш жерлерді тауып, ғасырлар бойы қалыптасқан өсімдіктер бірлестігіне, ерте оялатын құстардың үніне кейде үн қосып отыратынын байқайтынбыз. Осы кездерде өзінің туып өскен жерінің табиғаты есіне түсіп, жүрек күйін шерттіп, өзінің балалық шағын есіне алатын болар. Табиғаттың өзі қалыптастырған өсімдіктер мен жануарлардың бірлестігіне, оның тепе-теңдік заңына көз жүгіртіп оны бұзушыларға күйіне қарап, ал сол заңдылықты сақтауға тырысып, оны көбейтіп ұлғайтатындарға сүйсіне қарайтын. Ашық аспандағы күн сәулесіне шомылған көк-терек пен қарағайға қарап: «Адамның өзі табиғаттың перзенті, табиғат болса адамсыз өмір сүре алады, ал адам болса табиғатсыз өмір сүре алмайды, табиғатқа қатысы жоқ ғылым да жоқ», - дейтін. Бізді қоршаған заттардың барлығы табиғат заңына сай үйлесімді келеді. Бұзылып құлағандарын, қалай болса солай өскендерін табиғаттың өзі ығыстырып отыратындығына таң қалатын, соны білуге тырысатын.

Табиғаттың өзі құрған тепе-теңдігін бұзып, жеке мақсаттарын ғана ойлайтын сұғанақтарға, адам денсаулығы мен өмір тіршілігі үшін аса қажетті заттар-фитонциттер бөліп шығаратын ағаштарды кесуге, табиғаттың тепе-теңдігін бұзуға тырысатындарға жиіркенішпен қарайтын.

Бірде, дем алғаннан кейін жанға жайлы кешкі салқынмен Қарағандыға қарай жүріп кеттік. Жолда «Ашы суға» тоқтап суға түстік. Евекең суға түсіп жүзгенді жанындай жақсы көретін. Дөң басына қарай беттегенімізде себелеген жаңбырдан кейін әр түрлі өсімдіктердің, жусанның, киік отының иісі мұрынға келіп тұрды. Мұны аңғарған Евекең: «Мынау, сен айтып жүрген киік отының иісі ме?», - дегенде, бас изеуге ғана шамам келді. Ол бұдан қанша уақыт бұрын айтылған әңгіме, кейде оқыған біздің өзіміз де аңғармай қаламыз. Біраз тұрғаннан кейін: «Ореке кеттік, мына масалар балаларға маза бермей жатқан шығар...», - деп машинаға отырып, жүріп кететінбіз.

Жол бойы Қарағандыға дейін, жарқыраған жұлдыздардың жыпылықтары бізге: «Жолдарың болсын!», - дегендей болып тұратын. Сөйтіп, кешкі салқынмен Қарағандының түтіні мен газына да келіп жететінбіз.

Евней Арыстанұлының есімі, тұғырлы Академиктің 90 жылдық тойында асыл азаматтың еліне сіңірген есепсіз еңбегін халыққа, жас ұрпаққа айтып, жазып жеткізу, көзін көрген біздің - аға буынның парызы болуы тиіс.

Е.А. Бөкетов есімі сонда ғана мәңгілікке тарихта жасай бермек.

## ЛОГИКА СОСТАВЛЕНИЯ ПЕРИОДИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ ЭЛЕМЕНТОВ Д.И.МЕНДЕЛЕЕВА АКАДЕМИКОМ Е.А.БУКЕТОВЫМ

Жамбек М.И., к.х.н., профессор

Карагандинский государственный университет им. академика Е.А.Букетова  
г. Караганда, Республика Казахстан

В декабре 1982 года, ровно за год до кончины нашего незабвенного Учителя, химика-металлурга, академика АН КазССР Евнея Арстановича Букетова, издательством КарГУ было издано его учебное пособие, посвященное периодической системе Д.И.Менделеева под названием «Современные формы выражения таблицы элементов Д.И.Менделеева» (оно включено в книгу «Мир Е.А.Букетова») в качестве «методического подспорья» для занимающихся химией.

В пособии излагается «суть закона периодичности свойств элементов, приводится *один из возможных способов сведения элементов в табличную форму*, сведения из истории открытия закона, развитие представлений об этом всеобъемлющем законе природы, высказываются сравнительные суждения о распространенных формах современного табличного выражения периодического закона».

В предисловии к пособию, написанной членом-корреспондентом АН КазССР О.А.Сонгиной, отмечается значение его для лучшего понимания всей грандиозности периодической системы, прослеживания вместе с автором шаг за шагом «весь сложный путь научной мысли и опыта, приведшего к современному пониманию поразительного предвидения Д.И.Менделеева, ставшего ключом к открытию новых закономерностей и законов природы».

Пожалуй, этими короткими заключениями можно было бы ограничиться, определяя значение данного пособия для тех, кто посвятил себя химии или решил стать специалистом, которому необходимы знания по основам химии.

Однако, подробнее ознакомившись с данным учебным пособием своего Учителя, я решил, по мере своих знаний, показать тот огромный труд, талант исследователя, блестящую эрудицию, широту кругозора, аналитический ум и литературный дар, ораторско-писательское искусство его при написании этого скромного труда и составлении Евнеем Арстановичем одного из возможных способов сведения элементов в табличную форму, о котором пойдет речь в дальнейшем.

Пособие написано очень высоким научно-методическим, литературно-образным языком, имеет объем в 6 п.л., состоит из 8 разделов, содержит 24 таблицы, 5 рисунков и 30 литературных источников.

Первый раздел пособия «Числа натурального ряда, химическое сходство и элементы вселенной» начинается с удачно приведенной шуточной фразы неизвестного математика «Бог создал натуральные числа, а все прочее – творение человека». Этим автор подчеркивает значение чисел в науке и жизни, что свидетельствует о широте научного кругозора его не только в области химии и металлургии, в которых он признанный адепт, крупный ученый и специалист, но и об интересах его в других областях познания.

В этом параграфе как раз и рассматривается один из возможных способ сведения элементов в табличную форму. И мы решили проследить это вместе с Евнеем Арстановичем. Евней Арстанович